

**Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 8-32 с "2019 жылы Уәлиханов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 3-43 с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 қыркүйекте № 5562 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26- бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының "2019 жылы Уәлиханов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы" 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №8-32с шешіміне (2019 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5139 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) жүз еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2019 жылғы 25 маусымнан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Уәлиханов аудандық  
мәслихаты сессиясының  
төрағасы

Б.Кәдіров

Уәлиханов аудандық  
мәслихатының хатшысы

Б.Кәдіров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК